

ӨНЕР ДҮЛДҮЛІ, ӘН БҮЛБҮЛЫ – КҮЛӘШ

...Содан бері нешеме көктем, нешеме күз, қыс, жаз өтті. Біз университет студенттері жазғы сессияға жаппай әзірлікке кірісіп, кітаптан бас алмай, конспектілерді сан аударып, зулатып жаттап, миымыз су болуға айналған-ды. Алматының жазғы көркіне әдеп еніп, бақтары тұнып, құстары сайрап, бұлақ сулары сыңғырлай ағып, сыртқа бір шығып кетсең, үйге қайтқың келмей, тау-тасын кезіп кетуге көңіл ауа беретін бұлаң алақұйын бір кез еді. Кенет суық хабар: «Күләш Байсейітова қайтыс болыпты!..» Еш ұғымға сыймайтын осы сұмдық жай жүректерді бой-бой тілгілеп тастағандай. Күміс көмей, жез таңдай бұлбұл апамыздың осынау дүр жайнаған дүние-тірлікті, тәтті өмірді қалай ғана қиып кеткенін, қайталанбас біртуар таланттың орны толмас өкінішті өлімімен халқымыздың кеудесін күрсініске душар еткенін қалай, қалай жеткізіп айтарсың? Қарақат көздері жұмулы, аққұба жүзінде мызғып кеткен адамның сәті елес беріп, гүлдерге оранып Қазақтың мемлекеттік опера және балет театрының фойесінде, өзінің сүйікті Жібегінің соңғы жоқтау ариясы ащы айқаймен естіліп жатты емес пе... Өз жоқтауын өзі айтқандай болды емес пе...

Өмір алға озды, жасампаз замана салтанат құрып, халқымыз ерен жетістіктерге жетті. Қаншама құмбыл әнші, дауылпаз өнер саңлақтары бірінен соң бірі келіп жатты. Қазақтың әншілік, сахналық өнері шын профессионалдык дәрежеге құлаш ұрып, әлемді таңырқатты. Бибігүл, Ермек, Әлібек, Нұржамал – дүние жүзі шебер әншілер шоқтығына қосылып, мақтаныш сезімге бөледі. Ал, бәрібір Күләштің – қазақтың ақиық бұлбұлының орны толмағандай. Таулар алыстаған сайын биіктейді... Арада елу бес жыл өтті, жүз жыл өтсін, Күләштің орны да, жөні де бір басқа. Олай деуге қазақ ұлттық өнер жолының жарқын шежіресі тілге тиек болып, бұраулы тұрған домбырадай сайрап қоя береді.

1928 жылы шымылдығын жаңадан ғана ашқан Қазақ драма театры Қызылордадан Алматыға көшіп келіп, біржолата орын тепті. Халқымыздың мәдени өмірінде аса маңызды құбылыс болған қазақ театр өнерінің қара шаңырағын Қалыбек Қуанышбаев, Елубай Өмірзақов, Серәлі Қожамқұлов, Өміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Құрманбек Жандарбеков, Қапан Бадыров, Жұмат Шанин сынды тарландар көтерісіп, іргетасының қалануына атсалысқанын, одан бертінірек қосылған Қанабек Байсейітов, Күләш Байсейітова, Шара Жиенқұлова, Қамал Қармысов, Сейфолла Телғараев, Шәкен Айманов, Хадиша Бөкеева, Шолпан Жандарбекова, тағы басқаларының айшықты талантымен шырқау биікке көтеріліп, шарықтағаны баршаңызға белгілі. Балғын Күләш әртіс болармын деп ойлады ма екен? Ұяң ғана нәзік қыз күнұзаққа етік тігіп, ұлтан, қалып, біз, таспа, тебен, былғары, шеге дейтін шағын әлемнен тұратын ұядай күркесінде белі бүкшиіп отыратын әкесінің қасында оның ыңылдаған әніне құлақ салатын. Жасын әкесі қолы еп-септі, тек етік тікпей, домбыра да жасап алып, кешқұрым шертіп, әлдебір

ызыңдардың басын құрап отырушы еді. Тәжірибе мектебінде оқитын Гүлбаһрам (келе-келе Күләш, атақты Күләш) ойын-сауық кештеріне қатысып, тақпақ оқып, ән салып көзге түседі.

Күләшпен қатар театр табалдырығын аттаған Қазақ ССР-нің халық әртісі, белгілі биші Шара Жиенқұлова өзінің естелік кітабында былай дейді: «Бишілік жолымның басталуы актрисалық жолымен орайлас келді. Алғашқы рөл тиді-ау! М. Тригердің «Сүңгуір қайық» пьесасындағы матрос баланың рөлі. Күләш екеуіміз кезекпен ойнаймыз деп келіскен сияқты едік, екеу-ара жалғыз көкала майка, жалғыз телпек. Қай бұрын келгеніміз киіп аламыз, ал құр қалғанымыз бұртиып өкпелейміз. Не керек «рөлімізге» жеткенше кешті батыра алмаймыз... Күләшпен сахнада қатар, бір постановкада ойнауым – менің шын актрисалық шыңдалуым ғой деп ойлаймын».

Күләш пен Шара – бұлар өнердің тел қозыдай тебісіп өскен, кең айдынында күш сынасып, шеберлік жарыстырған егіз арнасы. Екеуі екі тұлға, екі шың. Бірі – би өнерінің шыңын қаласа, бірі – вокал өнерінің мәрмәр шыңын соққан. Екеуі де талай-талай тарлан актерлердің алдын көрген, үйренген, тәлім алған, сөйте тұра өнерге өз өрнектерін, ізін, нақысын салған.

Шара қазақ топырағында тың жанр – би мен әнді қосып, шағын-шағын миниатюралық характерлерді қазақ эстрадасына тұңғыш шығарса, міне, бұл да драмалық театр мектебінен өткен шыңдалу жемісі. Ал, Күләш күміс сыңғырлы, кең тынысты аса сирек лирикалық-колоратуралық дауыстың иесі бола тұрып, сахнада жиырмадан астам опералық образдардың шынайы бейнесін жасаса – оның әншілікпен қоса, актрисалық та зор құдіреттілігінің айғағы. Және де бұл да өнер баспалдағын драма театрында бастағанына айғақты әсері.

Рас-ау, Күләш әнші ме, жоқ актриса ма, – деп осы күнге шейін таласып, таңдай қағысатындар көп. Екеуі де дейміз! Бұған айғақ – Шұғасы мен Еңлігі, Айманы мен Қадишасы, Татьянасы мен Баттерфляйі, Маросы мен Алтыншашы, тағы, тағы... Солардың қатарына қоса отырып, жеке-дара тұғырға қойып, тірі образдан тәнті бола табына да сағына қарайтын үш бейне: бұлар – Жібек, Ақжүніс, Сара образдары.

1934 жылы қазақ совет өнерінде айтулы үлкен жаңалық – Музыкалық драма театры жеке отау тікті. Күләш, Құрманбек, Қанабек, Шара, Манарбек сынды әнші-актерлер оның труппасының негізін қалады. Репертуар мәселесі күрт қолға алынып, Нарком Темірбек Жүргенов тікелей айналысты. Ол Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Евгений Брусиловскийлермен тізе қоса ақылдаса отырып, болашақ опера театрының негізін қалаушы музыкалық театр репертуары қалай жасалмақ, бастау көзін неден алмақ деп пікірлесе келе ұлттық эпос пен халық музыка қорына сүйену керек деген тұжырым түйген.

Мұхтар Әуезовтың либреттосы бойынша «Айман-Шолпан», Ғабит Мүсіреповтың либреттосы бойынша «Қыз Жібек», Камал Сағыровтың либреттосы бойынша «Ер Тарғын» және «Жалбыр» (либреттосын жазған Бейімбет Майлин) – бәрінің музыкалық авторы Евгений Брусиловский – бірінен соң бірі төрт опера дүниеге келеді. Әрине, Күләш, Манарбек, Ғарифолла, Құрманбек, Қанабектердің дүркін-дүркін араласа-құраласа

жүруімен, қай халық әні, күйі қай кейіпкердің музыкалық мінездемесіне лайық деген тәрізді (мұны композитор Брусиловский өз естелігінде айта кеткен-ді), ақыл қоса отырып ұлттық опера қорының алтын дiңгегі қаланады.

Төрт операдағы төрт басты роль Күләш Байсейітованың табиғи әншілік дарынының алмас қырындай жарқырауына жол ашады. Міне, опера солисткасы, әншісі – Күләш – қазақ сахнасы көгінің таң шолпанындай таңғажайып көрінісін тапқан-ды! Осынау жауапты миссияны ер Күләш, нәзік те сынық мінез, ұяң Күләш соңғы демі таусылғанша қастерлеп алып жүрді. Шын актер сахнада туып, сахнада өледі дейді!

Қаншалық рас, қаншалық қиял – кім білсін, ал біздің бұлбұл Күләш жарық дүниеге сайрап келіп, жарық дүниемен сайрап қоштасты. Әншінің әкесі Жасын сері болған дестік, қысқа жіп күрмеуге келмейтін кер заманда оның сауық құрып, той-думанның көрігін басып сайран салуға жағдайы келтіртпейтін: жұлдызы шыққан кедейшілігін етікшілік кәсіппен тапқан азын-аулақ табысы бүркемелеп көлеңкелейтіндей. Бірақ халық әндерін ерекше нақышпен орындайтын әкесінің сол өнері, төгілте жырлайтын хиссалары балғын қыз жүрегінің нәзік пернелерін қозғағаны, келешекке жол сілтегені екі бастан белгілі. Өздеріне жақын аталас ағайыны Манарбек Ержановтың саңлақ әншілігі көпке аян. Осы орта – ән бесігі, «туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денен» деп ұлы ойшыл ақын айтпақшы, құйрықты жұлдыздай бір-ақ жарқ етіп өте шыққан қысқа да аса мағыналы Күләш өмірінің (небәрі 45 жас) – арқауы іспеттес. Ол бар өмірін ән жолына – өнер мақсатына сарп етті. Бар-жоғы қырық бес жасында көз жұмған ұлы әншінің еліне бергенінен берері көп еді. Бірақ...

Халық жүрегінде оның өшпес бейнесі қалды; нәзік, сыңғыр әсем үні қалды; депутат әрі қоғам қайраткері есебінде сіңірген қыруар ісі қалды.

Ұлы Күләштің бойында жұмбақ-сырлар көп еді. Соның бірі – ешбір музыкалық сауаты жоқ, нота, сольфеджио дегендерден білімі шамалы әншінің Брусиловский, Чайковский, Палиашвили, Жиганов, Төлебаев, Пуччини, Рубинштейн, Жұбанов, Хамиди операларында жауапты партияларды, ешбір партитураны нота арқылы оқымастан, есту қабілеті мен ішкі түйсікке, сезгірлік пен сыршыл-сезімталдық атты туа біткен қасиетіне сүйене орындауы, және, о, құдірет, қалай орындауы! – таңғаларлық нәрсе! Неткен талант десеңізші!

Екінші сыр-жұмбақ – ешбір боямасыз, қоспасыз, қитұрқы-қуақылықсыз халықтың шын қызы бола алғандығы. Күләшті барлық жұрт, барша халық жақсы көрді, аялады, алақанына салды, әспеттеді. Осының сыры неде?.. Оның сыры – асқақ дарын иесі бола тұра, аса қарапайым, кішіпейіл болғандығында. Өзінің шашасын басқан әнші сiңлісі Шабал Бейсекова естелігінде мынадай бір әңгіме айтады: 1936 жылы Мәскеуден, қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінен салтанатпен, зор жетістікпен оралып, поезбен қайтып келе жатқан қазақ әртістерін халық жолай жапырыла қарсы алады. Аялдаған әр станция сайын ошарылған қалың топ: «Күләш!» – десіп, шығып көрініп кетуін армандай аңсайды. Ақкөңіл Күләш шыға-шыға шаршайды. Содан соң Шабалға жалынып: «Әй, кішкене, сен шықшы, мен болып», – дейді. Еркелетіп

«кішкене» дейді екен. Оның дегенін екі етпей, Жібектің сәукелесі мен дүрия көйлек-бешпетін киініп, енді Күләш болып Шабал шығады. Ол өзі де екінші құрамда Жібек болып ойнады ғой. Бетін сәл-сәл бүркемелеп, қырын қарап тұрған оны да халық бар асыл ниет, ақпейіл, ынты-шынты көңілімен қабылдап, алғысын, ақ батасын жаудырады. «Балама, немереме тәбәрік болсын» десіп, үстінен іліп кетері болса, онысын да алып, көйлегінің етегінен қиып алысады. Ақыры Шабалдың да халықтың алдына шыға-шыға сілесі катады. Осындай бір жайды мақпал үнді сырбаз әнші, марқұм Рәбиға Есімжанова да жырдай қып айта беретіні есімізде. Әсіресе, іші кең, қызғанышы жоқ, жарқылдаған асыл Күләштің мұның басына қысталаң шақ туған сонау кезеңдерде қол ұшын беруі, үйіне апарып, бір семьядай айлар бойына тұрғаны, концерт кезінде бір көк көйлекті кезектесе сахнаға киіп шыққаны: ең негізі «Еңлік-Кебек» трагедиясында театрға алғаш келген сонау отызыншы жылдары Еңлік болып Рәбиға да, Күләш те ойнап, ақыры: «Рәбиға, сенің Еңлігің менің Еңлігімнен гөрі мұңлылау», – деп жүрек-жарды әділ төрелігін айтып, ақыры «сен-ақ ойнашы» деуі – тағы да кісі таңданарлық, таңғаларлық та, көптің бойында жоқ асыл мінез емес пе?! Қалайша сүйсінбессіз, табынбассыз Күләшке!..

Өз «Еңлігін» сахнада дана Мұхтар Әуезов та мойындап: «Пәлі, Рәбиға, толқыттың мені әніңмен, мәнеріңмен. Мен «Еңлік-Кебек» трагедиясын жазарда өмірі көрмеген сенің образыңды нысанаға алғандаймын», – депті.

Мен өз басым Күләшті сахнада сан көрдім, ал өмірде бір-ақ рет көрдім. Ептеп ән салатын басымыз, опера және балет театрының жанынан хор студиясы құрылады екен дегенді құлағымыз шалып, конкурсқа қатысуға бара қалып едік. Оныншы сыныпты тәмамдап, қай институт табалдырығынан аттарымызды шеше алмай сергелдеңге түсіп жүрген кезіміз еді. Қабылдау комиссиясының төрағасы – атақты Күләш Байсейітова. Қырықтың үстіне шыққан, толық, ептеп шау тартқан кезі, шашын екі өрім қып өріп, төбесінен айналдыра түйген, көлкілдеген көк панбарқыт көйлегі бар. Үні сөйлегеннің өзінде күміс теңгелердей сыңғырлап тұр. Қызық, кейбір сопрано үнді әншілер жайшылықта сөйлесе, даусы барқырай естіліп, түрпідей тиеді. Күләкен бойындағы инабаттылық қасиет сонда-ақ, зер салғанға, байқалар-ды. Қарлығаштың қанатындай «жіңішке сызып қойған» қастарын кере, мойыл көздері елжірей адамға бір қарағанда: «осы адамның алдына әнші боламын деп келдім-ау» деген күдік шіркеуі бетті торлап, кері қайтқанымыз бар-ды. Әрине, мен әнші болмағанда қазақ өнері ойсырап қалған жоқ, қайта бір ауылдың шет-шалғайынан келген шын әншінің бағы жануы мүмкін ғой. Кейде ойлайсыз, микрофон атты құдіреттің арқасында сыбырлап айтқан үні екі адым жерден әрең естілетіндер сахнада жарқ-жұрқ ете, секіріп-екіленіп «әнші» атанып, әжептәуір атақ-даңққа ие де болып жүр ғой деп. Әміре, Күләш, Үрия, Манарбек, Жүсіпбек, Ғарифолла, Бибігүл, Ермек, Әлібек сынды шын құмбыл, кең көмей біртуар өнер ақиықтары шарықтаған әннің құзар шырқауы – тұғырында тек асқақ әншілер ғана қанат қағуы керек қой дейтін көкіректегі бір күрсіністер де мұнымыз...

Қайтейік, «Ерінбеген – етікші, ұялмаған – әнші» атанған кез.

Күләштің көзін көрген кісілер оның даусы ұнтаспадан естілсе-ақ, көзіне жас алып, қамығып қалатынына талай куә болдық. Бірде, бір топ жазушылар Целиноград облысына (қазіргі Ақмола) шығармашылық сапармен келген едік. Аудандарды араладық, сонда жол үстінде жеңіл машинаның репродукторынан Күләш «Қос қарлығашын» тамылжытты. Сапарлас ағамыз Қапан Сатыбалдин, қарасам, көзінен жасы сорғалап отыр. «Мұныңыз не, Сапеке?» дейміз. «Күләштің даусы естілсе, осылай өзіме-өзім ие бола алмаймын», – деді.

Бүгінде ол кісілер де жоқ. Күләш үні мәңгілік. Жиырма төрт жасында Совет елінің ірі өнер қайраткерлері қатарында, қазақ топырағында тұңғыш КСРО халық әртісі атанған, Ленин және Еңбек Қызыл Ту орденін төсіне қадаған, Қазақ Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған Күләш Байсейітова өнерін, өнегелі өмірін оның жүздеген шәкірттері жалғастыруда.

Ән қанаты талмасын!

*2004 жыл.*